

УДК 304.4

*Тлеумурзин, А.А.,
«Дене шынықтыру және спорт» мамандығының
4 курс студенті, ҚМПУ
Нурмагамбетова, Л.И,
экономика ғылымдарының кандидаты,
Дене шынықтыру спорт және туризм теориясы
мен практикасы кафедрасының доценті ҚМПУ
Қостанай қ., Қазақстан*

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ЖАСТАР ҚАНАТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ИНСТИТУЦИОНАЛДАНДЫРУ

Түйіні

Мақалада Қазақстандағы этномәдени бірлестіктердің жастар қанатын қалыптастыру және институционалдандыру жайында жазылған. Ұлттық деңгейде мемлекеттік жастар саясатының жүйелі заңнамалық тұғырын қалыптастыру, жастар саясатының институттарын жетілдіру және осыған байланысты, жастардың қоғамдық-саяси процестерге толыққанды қатысуы. Жастар құрамы жағынан халықтың күрделі әлеуметтік-демографиялық тобын құрайтынына көзіміз жетеді. Осы тұрғыдан алғанда, жастар әртүрлі мүдделері мен қажеттіліктері бар алуан әлеуметтік топтардың жиынтығы болып табылады. Мемлекеттік жастар саясатының жай-күйі нормативтік-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастырушылық шаралардың қолдануынан туындаған үрдістердің дамуымен сипатталады. Қоғамдық тұрақтылық, қоғамдағы ұлтаралық және дінаралық келісім белгілі біруақыт немесе кезең үшін емес, алдымен болашақ үшін қажет әрі аса маңызды. Мемлекеттік этносаясатты жүзеге асыруға, ұлттық бірлікті қалыптастыруға және нығайтып отыруға, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге, этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік және азаматтық институттардың өзара іс-қимылын жандандыруға, ең алдымен, өңірлердегі мемлекеттік мекемелер мен этномәдени орталықтар, конфессиялар, жастар қанаты ұйымдары атсалысуы қажет.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: этномәдени, бірлестік, мәдениет, этносаясат, қоғам, ұлт, жастар қанаты.

Ұлттық деңгейде мемлекеттік жастар саясатының жүйелі заңнамалық тұғырын қалыптастыру, жастар саясатының институттарын жетілдіру және осыған байланысты, жастардың қоғамдық-саяси процестерге толыққанды қатысуы, әлбетте, мемлекет пен қоғамның дамуы үшін маңызды болып табылады. Сонымен қатар, жастардың құрылымы жағынан халықтың күрделі әлеуметтік-демографиялық тобын құрайтынына жіті назар аудару қажет. Осы тұрғыдан алғанда, жастар әртүрлі мүдделері мен қажеттіліктері бар алуан әлеуметтік топтардың жиынтығы. Алайда қоғамдық-саяси үдерістердің даму бағыты әрқашанда барлық әлеуметтік топтардың, соның ішінде, жастардың мүдделеріне сай келе бермейді. Ол саяси процестердің күрделі әрі динамикалық сипатта болуымен түсіндіріледі. Сондықтан көпұлтты мемлекеттің тұрлаулы дамуында этносаралық мәдениеттілікке тәрбиелеу үшін жастардың қоғамдық-саяси процестердегі-әрекетке тарту керек. Өйткені, жастардың саясатқа араласуы белгілі бір дәрежедегі жастардың алдын-ала шындалуын талап етеді. Өз кезегінде, жастарды қоғамдық-саяси өмірге дайындау мемлекеттің жастар саясатына байланысты. Қазір мемлекеттік жастар саясаты қоғамның стратегиялық әлеуеттерін дамытудың бірден бір басымдығы ретінде қарастырылады. Сол арқылы жастардың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне белсене араласуына қажетті жағдай жасалынады. Мемлекеттік жастар саясатының жай-күйі нормативтік-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастырушылық шаралардың қолдануынан туындаған үрдістердің дамуымен сипатталады. Қоғамдық тұрақтылық,

қоғамдағы ұлтаралық және дінаралық келісім белгілі бір уақыт немесе кезең үшін емес, алдымен болашақ үшін қажет әрі аса маңызды. Мемлекеттік этносаясатты жүзеге асыруға, ұлттық бірлікті қалыптастыруға және нығайтып отыруға, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге, этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік және азаматтық институттардың өзара іс-қимылын жандандыруға, ең алдымен, өңірлердегі мемлекеттік мекемелер мен этномәдени орталықтар, конфессиялар, жастар қанаты ұйымдары атсалысуы қажет. Абсаттаров Р.Б. (1995).

Сондықтан қоғамдағы этносаралық қатынастарда, соның ішінде Қазақстан Халқы Ассамблеясы құрамына кіретін этномәдени бірлестіктердің бір институты ретіндегі жастар қанаты ұйымдарының қалыптасып дамуын ғылыми зерттеу пәніне айналдыру, оның мәдени-әлеуметтік деңгейін анықтау ғылыми-теориялық нәтижелілігі мен практикалық маңыздылығы жағынан алғанда көпұлтты Қазақстан Республикасында саяси-әлеуметтік, рухани және мәдени өзекті мәселе болып табылады. Абсаттаров Р.Б.(2012).

2. Материалдар мен әдістер

Орталықта ғылыми-қолданбалы зерттеулер өткізіледі, мемлекеттік этносаясат саласындағы бағдарламалар мен жобалар іске асырылады, ғылыми-тәжірибелік конференциялар, форумдар мен білім беру семинар-тренингтері ұйымдастырылады. Білім алушылар контингентін этносаралық және конфессияаралық қатынастар мәселелерімен айналысатын мемлекеттік қызметшілер, қала және аудан әкімдерінің орынбасарлары, қалалар, аудандар ішкі саясат басқармасының бастықтары, этномәдени, жастар және өзге қоғамдық ұйымдарының жетекшілері, конфессия өкілдері, ҚХА, Қазақстанның жоғары оқу орындары, БАҚ ғылыми-сараптама топтарының өкілдері құрайды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев "Нұр Отан" ХДП-ның жастар қанаты – "Жас Отанның" бірінші съезіне қатысушылардың Қазақстан халқы Ассамблеясының жастар қанатын құру идеясын қолдады.

«Мен 130-дан астам ұлыс өкілдері тұратын ортақ үйіміздегі бейбітшілік пен келісім – біздің басты байлығымыз деп талмай айтамын. Осы құндылық үшін жауапкершілік жүктейтінін әрбір жас тікелей сезініп, оны сақтауға үлес қосуға тиіс. Біздің осы жылдарда қол жеткізген барлық жетістіктеріміз, барлық мақтаныштарымыз елдегі және адамдар арасындағы сенімнің, тыныштықтың, тұрақтылықтың арқасында қолға келді», – деді президент. «Сіздердің басты миссияларыңыз – белсенді жастардың санын мейлінше арттыра түсу үшін, еліміздің әрбір жасамамы жаңа Қазақстанның дамуына өзіндік үлесін қосуға ниеттенуі үшін қолдан келгенін бәрін жасау», – деді Н. Назарбаев. Н.Ә.Назарбаев (2012).

1. Жастар қанаты кеңесінің негізгі мақсттары мен міндеттері:

- 1) Жастар мәселелерін шешуде көмек көрсету және мүдделерін қорғау.
- 2) Жастардың белсенді азаматтық құқықтық және саяси мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
- 3) Жастарды мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыруға қатысуға шоғырландыру .
- 4) Мемлекеттік билік пен жергілікті органдар мен жастардың, жастар мен балалар қоғамдық келісім өкілдеріарасында тиімді ынтымақтастықты көтермелеу.

2. Жастар қанаты кеңесінің негізгі міндеттері:

- 1) Жастардың, әлеуметтік-құқықтық, білім беру, мәдени, адамгершілік, патриоттық және физикалық дамытуға жәрдемдесу, жастар бастамаларын қолдау мен жас қызметкерлердің әлеуметтік және еңбек құқықтарын қорғау.
- 2) Жастар саясатын іске асыру жөніндегі үкімет өкілді және атқарушы салаларының қызметі туралы объективті ақпаратпен жастарды қамтамасыз ету.
- 3) Жастар саясатын жүзеге асыру үшін өкілінің қызметі мен атқарушы органдары туралы жастардың пікірін зерттеу.
- 4) Облыстағы жастардың жағдайын және жастар қанаты кеңесінің қызметін Қазақстан халқы Ассамблеясының сессияларында, кеңес отырыстарында ақпарат ету.

5) Жастарды рухани және адамгершілікке үйрету процесіне қатыстыру, тұлғаның толеранттық сапасын қалыптастыру.

6) Орта және жоғары білім беру аясында этно-мәдени білім беру бағдарламаларын дамыту үшін ұсыныстарды әзірлеу және ұсынуға қатысу.

7) Әлемдік мәдени құндылықтар мен өзге халықтардың тарихы мен тілдерін, мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу мен бірге әрбір этностық топтың мәдениеті мен тілін сақтау мен дамыту құралы ретінде жексенбілік сынып ұйымдастыру жұмысын жақсарту.

8) Жастардың өзекті проблемаларын социологиялық зерттеулер пәніне ұсыныстар енгізу.

9) Азаматтық қоғам біртіндеп және дәйекті демократияландыру, қалыптасу және даму процесінде жастарды тарту және жандандыру.

Жастар қанаты кеңесінің өкілеттігі.

3. Жастар қанаты кеңесінің өкілеттігіне мыналар жатады:

1) Жастардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын мәселелер бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының жастар мен жастар бірлестіктері арасында өзара әрекет жасасу:

а) Қазақстан халқы ассамблеясына жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын нормативті-құқықтық актілері жобасы бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар дайындау.

б) Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру саласындағы нормативтік құқықтық актілер жобаларын дайындауда Қостанай облысы ҚХА жастар қанаты мәслихаттардың, әкімдіктердің комитеттерінің жұмысына қатысу.

2) Жастар қанаты кеңесінің жұмыс жоспарына өзгеріс енгізу, уақытын бекіту.

3) Жастар мәселелерін талқылау мақсатында қоғамдық конференциялар, семинарлар, сұхбат алаңдарын және басқа шараларды ұйымдастыру.

3.2. Жастар қанаты кеңесі құқылы:

1) Жастар қанаты кеңесінің отырыстарына мемлекеттік органдар мен жергілікті билік органдарының өкілдерін шақыруға.

2) Жастар қанаты кеңесін ұйымдардың төрағаларымен келісіп, уақыт тәртібімен комитеттердің, комиссиялардың және мәслихаттардың отырыстарына, әкімдіктердің, ассамблея кеңестерінің жұмыстарына қатысуға бағыттауға.

3) Өзінің жеке белгілемесіне.

4) Жастар мәселесі бойынша жергілікті органдарға жолығуға және мемлекеттік жастар саясаты қызметі бойынша ақпараттар алуға.

5) Жастар қанатының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізулеріне мүдделі ғылыми-зерттеу мекемелерімен, ақпараттық-талдау орталықтарымен және басқа мамандандырылған ұйымдармен өзара қарым-қатынас орнатуға.

4. Жастар қанаты кеңесінің мүшесі.

4.1. Қазақстан Республикасының 14 пен 30 жас аралығындағы, облыс аумағында тұрақты тұратын азамат жастар қанаты кеңесінің мүшесі бола алады.

4.2. Жастар қанатының кеңесі мүшесінің өкілеттік мерзімі 3 жыл.

4.3. Жастар қанаты кеңесінің мүшесі өз қызметін қоғамдық бастамаларда жүзеге асырады.

4.4. Жастар қанаты кеңесінің мүшесі құқылы:

- өзінің қызметіне қатысты мәселелерді жастар кеңесінде қарастыруға шығаруға, сондай-ақ жастар қанаты кеңесінің қызметіне қатысты барлық мәселелерін шешуді дайындауға қатысуға;

- жастар қанаты кеңесінің әр түрлі қызметі бойынша ақпарат алуға;

- атқарушы және өкілетті органдардың комитеттердің (комиссиялар) отырыстарында қатысу ;

- жастар қанаты кеңесінің мүшесі міндетті:

- бұл ереженің талаптарын орындауға;

- жастар қанатының кеңесі органы белгіленген тәртіппен шығарған шешімін орындауға;

- жастар қанаты кеңесінің және басқа жастар кеңесі органдарының мүшесі болып табылатын отырыстарында жеке өзі қатысуға.

5. Жастар қанаты кеңесінің органдары.

5.1. Жастар қанаты кеңесінің мүшелері бірінші отырыста өз құрамынан басшыларын, қызметтің негізгі бағыттары бойынша жұмысшы топтардың жетекшілерін сайлайды, сондай-ақ жастар қанаты кеңесінің осы ережесі мен уақыты бойынша жұмысшы топтарды қалыптастырады.

5.2. Жастар қанаты кеңесінің төрағасы.

5.2.1. Жастар қанаты кеңесінің төрағасы бірінші отырыста, үш жылға жастар қанаты кеңесінің мүшелерінің арасында көп дауыс жинап, сайланады.

5.2.2. Жастар қанаты кеңесінің төрағасы:

1) Жастар қанаты кеңесінің отырыс тарында төрағалық етеді және олардың жұмыстарына басшылық етеді.

2) Жастар мәселелер бойынша қозғайтын атқарушы және өкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасасады.

3) Мемлекеттік билік органдары мен жергілікті билік органдарында, қоғамдық және басқа ұйымдарда жастар қанаты кеңесінің мүдделерін білдіреді.

4) Жастар қанаты кеңесінің қабылдаған шешімдеріне қол қояды.

5) Жастар қанаты кеңесін шақырады.

6) Жастар қанаты кеңесін қажетті ақпараттар мен талдау материалдарымен қамтамасыз етеді.

7) Жастар қанаты кеңесі уақытымен орнатылған басқа өкілеттіліктерді орындайды.

5.3. Жастар қанаты кеңесінің жұмысы үшін түрлі бағыттағы қызметтер бойынша жұмыс топтары құрылуы мүмкін. Жұмыс тобының ең аз деген құрылымы 3 адамнан кем болмауы керек.

5.3.1. Бағытталған қызметтер бойынша жұмыс тобының саны мен функциясы жастар қанаты кеңесі уақытымен анықталады.

5.3.2. Жұмыс тобының басшысы бағытталған қызметтер бойынша жұмыс тобының мүшелері арасында сайланады.

5.3.3. Жұмыс топтары жүзеге асырады:

- Өзінің басқару мәселелері бойынша жастар қанаты кеңесінің қарастыруына ұсыныстар дайындайды.

- Жастар қанаты кеңесінің жұмыс жоспарын жүзеге асырады.

- Жастар мәселелерін талқылау үшін конференциялар, семинарлар, пікірталас және тағы басқа іс-шаралар ұйымдастырады.

- Әдістемелік, ақпараттық және басқа материалдар дайындайды.

- Жастар қанаты кеңесінің уақытымен белгіленген өзге өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

6. Жастар қанаты кеңесінің қалыптасу тәртібі

6.1. Жастар қанаты кеңесі жастар қанаты кеңесінің мүшелерінен тұрады, саны облыстың ассамблея мүшелерінің жалпы санынан аспауы қажет.

6.2. Жастар қанаты кеңесі қалыптасады:

1) Облыстық ассамблея кеңесі мен сессиясында бекіту арқылы.

2) Жастар ұйымдарынан, атқарушы және өкілетті органдар ұсынған кандидаттардан.

3) Этно-мәдени және әлеуметтік бірлестіктер, орта және жоғары оқу орындарының ұсынған белсенділері мен кандидаттары арасында.

7. Жастар қанаты кеңесінің уақыт тәртібі.

7.1. Жастар қанатының кеңесі жастар қанаты кеңесінің уақыт тәртібін жүзеге асырады және бекітеді.

7.2. Жастар қанаты кеңесінің уақыт тәртібімен орнатылады:

- 1) Өз қызметінде жастар қанатының кеңесі мүшелерінің қатысу тәртібі.
- 2) Жастар қанаты кеңесінің отырыстарын өткізу уақыты мен тәртібі.
- 3) Жастар қанаты кеңесінің қызметін жүргізу тәртібі, өкілеттігі және құрамы.
- 4) Жастар қанаты кеңесінің төрағасының өкілеттігі.
- 5) Негізгі бағыттағы қызмет бойынша жұмыс топтарының басшылары мен жұмыс топтарының қызметі мен тәртібін қалыптастыру.
- 6) Жастар қанаты кеңесінің мүшелерінің өкілеттік мерзімін уақытынан бұрын тоқтату тәртібі.
- 7) Жастар қанаты кеңесінің шешім қабылдау нысаны мен тәртібі.
- 8) Жастар қанаты кеңесінде іс-шаралар әзірлеу мен өткізу тәртібі.
- 9) Жастар қанаты кеңесінің қызмет тәртібі мен ішкі ұйымдастырылуының өзге мәселелері.

7.3. Жастар қанаты кеңесінің мүшелерінің ортақ санынан көбі қолдаған болса, уақыт тәртібі қабылданған болып есептеледі.

8. *Жұмыстың негізгі нысандары.*

8.1. Жастар қанаты кеңесі жұмысының негізгі нысандары, жастар қанаты кеңесінің отырыстары, негізгі бағыттағы қызмет бойынша жұмыс топтарының отырыстары болып табылады.

8.2. Жастар қанаты кеңесінің отырысы қажет уақытта, жарты жылда бір рет өткізіледі. Жастар қанаты кеңесінің отырысы ашық болып табылады. Жастар қанаты кеңесі отырысының жұмысында кеңес мүшелері, депутаттар, жергілікті билік органдарының өкілдері, мемлекеттік ұйымдар, сондай-ақ жастар қанаты кеңесі шақырған басқа да тұлғалар қатыса алады.

8.3. Жастар қанаты кеңесінің отырысында жастар қанаты кеңесін жүргізуге қатысты мәселелер шешіледі.

Жастар қанатының кеңесінің айрықша құзыретіне мыналар жатады:

- 1) Жастар қанаты кеңесінің негізгі бағыттарын анықтау.
- 2) Уақыт тәртібін қабылдау мен оған өзгерістер енгізу.
- 3) Жастар қанатының Кеңесі жұмыс топтарының саны мен функцияларын бекіту.
- 4) Төрағасын, жұмыс топтарының басшыларын сайлау және лауазымдарынан босату.
- 5) Жылдық жұмыс жоспарын бекіту.
- 6) Мемлекеттік билік органдары мен жергілікті билік органдарына ұсынымдар қабылдауға жолығу.

7) Тарату туралы шешім қабылдау.

8) Жастар қанаты кеңесінің уақыт тәртібімен белгіленген басқа мәселелер.

8.4 Жастар қанаты кеңесінің отырысы заңды болып саналады, егер, жастар қанаты кеңесінің жартысынан кем емес мүшесі қатысса. Жастар қанатының кеңесі отырысының айрықша құзыретінің мәселесін шешу жастар қанатының кеңесі мүшелерінің көпшілік берген даусымен қабылданады.

3. Нәтижелер мен талқылау

Қостанай облысында ұрпақтар сабақтастығын сақтауға және қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға Қостанай Қазақстан халқы Ассамблеясының жастар қанаты ұйымдастырылған болатын. Жастар қанаты, жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін реттеу саласындағы Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын жеңілдету үшін тұрақты әрекет ететін, алқалы, кеңес органы болып табылады. Қостанай ҚХА жастар қанаты Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қостанай облысының заңдары мен ережелеріне сәйкес, ерікті негізде жұмыс істейді.

Өз кезеңінде, Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметінде әрбір этномәдени бірлестікте жастар қанаты активтері құрылды.

Этномәдени бірлестіктердің белсенді мүшелерінің арасында Қазақстан халықтары Ассамблеясының стратегиясын жүзеге асыру үшін үлес қосқан жастар арасындағы өкілдер

бар: Альфия Лежнина, Надия Савельева (татар мәдени орталығы), Татьяна Акчурина (достық клубы), Азат Джафаров, Рахим Мамедов (әзірбайжан ЭМБ), Тамара Тян, Кристина Афанасьева, Владислав Ким (Қазақстан кәрістері қауымдастығының филиалы), Татевик Тер-Григорян (армян қоғамы) және тағы басқалары.

Жастар қанатының бөлігі ретінде этно-мәдени бірлестіктердің, студенттер, облыстық жастар бірлестіктерінің өкілдері бар. Олар трансшекаралық ынтымақтастықты нығайту, тарихи-мәдени мұраны насихаттау, фольклор, ғылыми және ғылыми-практикалық конференциялар, далалық сапарлар мәдени және білім беру қызметін ұйымдастырады.

Түрлі этникалық топтардың жастары оқитын А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде «Достық» студенттің клубы құрылды. Сонымен қатар барлық оқу орнындарында әр түрлі этностардың мәдениеті мен дәстүрмен танысуға болатын достық клубтары бар. Белсенді жастар қанаты сондай-ақ қайырымдылық жұмыстарына қатысады.

Аудандарда Қазақстан халқы Ассамблеясына орай жастар дәстүр, фольклор және халықтық шығармашылыққа насихаттауға жұмысқа тартады. Мәдени мекемелерде, кітапханаларда және бос орындарда халық биін, бейнелеу өнерін, көрме түріндегі әдеби туындыларын, байқаулар және колөнер үйірмелерін дамыту мақсатында белсенді жұмыстар жүргізуде.

Қазақстан халқы Ассамблеясының жастар қанаты күшімен көптеген іс-шаралар өтеді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күніне арналған «Менің Отаным-Қазақстан» акциясы, «Отаным менің – Қазақстан» патриоттық әндер байқауы, «Көршілер» жастар лагері, татар жастарының халықаралық форумы, Шекара – жүректерді бөлмейді» Ресей Федерациясының жастарының қатысуымен өтетін халықаралық форум және тағы да басқа Қостанай облысындағы үлкен акциялар мен форумдар міндетті түрде Қостанай облысы ҚХА жастар қанатының қатысуымен өтеді. Мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыруға қатысуға жастардың шоғырландыру; мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру саласындағы нормативтік құқықтық актілер жобаларын дайындауда Қостанай облысы ҚХА жастар қанаты мәслихаттардың, әкімдіктердің комитеттерінің жұмысына қатысады.

Жастар мәселелерін талқылау мақсатында қоғамдық конференциялар, семинарлар, сұхбат алаңдарын және басқа шараларды ұйымдастырады. Жастар қанатының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізулеріне мүдделі ғылыми-зерттеу мекемелерімен, ақпараттық-талдау орталықтарымен, партиялармен, ҰЕҰ, Ресей Федерациясындағы жастар саясаты бойынша әріспестерімен және басқа мамандандырылған ұйымдармен өзара қарым-қатынас орнатады. Сондай-ақ Қостанай облысы ҚХА жастар қанаты ішкі саясат басқармасымен бірлесіп, Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін, төздімділікке тәрбиелеуді, дәстүрлі емес діни қозғалыстардың таралуының алдын алу мақсатында дөңгелек үстелдер, конференциялар, пікір-таластар өткізеді. Кез келген іс-шаралар ұйымдастыру кезінде, концерт, фестиваль, дөңгелек үстел немесе байқауда Қазақстан халқы Ассамблеясының жастар қанаты жастардың жан-жақты даму мәселесін талқылау мақсатында барынша көп жастар мен басқа этностың балаларын билеуге және ән орындауға қатыстыруға тырысады. Жастар қанатының негізгі мақсаттары: жастар мәселелерін шешуге көмектесу, олардың мүдделерін қорғау; жастардың белсенді азаматтық құқықтық және саяси мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету; мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыруға қатысуға жастарды шоғырландыру; мемлекеттік билік пен жергілікті органдар мен жастардың, жастар мен балалар қоғамдық келісім өкілдері арасында тиімді ынтымақтастықты көтермелеу.

Жастар қанатының негізгі міндеттері:

- жастардың, әлеуметтік-құқықтық, білім беру, мәдени, адамгершілік, патриоттық және физикалық дамытуға жәрдемдесу, жастар бастамаларын қолдау мен жас қызметкерлердің әлеуметтік және еңбек құқықтарын қорғау;

- жастар саясатын іске асыру жөніндегі үкімет өкілді және атқарушы салаларының қызметі туралы объективті ақпаратпен жастарды қамтамасыз ету;

- жастар саясатын жүзеге асыру үшін өкілінің қызметі мен атқарушы органдары туралы жастардың пікірін зерттеу;

- облыстағы жастардың жағдайын және жастар қанаты кеңесінің қызметін Қазақстан халқы Ассамблеясының сессияларында, кеңес отырыстарында ақпарат ету;
- жастарды рухани және адамгершілікке үйрету процесіне қатыстыру, тұлғаның толеранттық сапасын қалыптастыру;
- орта және жоғары білім беруаясында этно-мәдени білім беру бағдарламаларын дамыту үшін ұсыныстарды әзірлеу және ұсынуға қатысу;
- әлемдік мәдени құндылықтар мен өзгехалықтардың тарихы мен тілдерін, мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу мен бірге әрбір этностық топтың мәдениеті мен тілін сақтау мен дамыту құралы ретінде жексенбілік сынып ұйымдастыру жұмысын жақсарту;
- жастардың өзекті проблемаларын социологиялық зерттеулер пәніне ұсыныстаренгізу
- Ресей Федерациясы әріптестерімен мәдени, спорттық, ғылыми, туристік, этнографиялық, көркем, рухани және басқа дасалалардағы ынтымақтастық .
- азаматтық қоғам біртіндеп және дәйекті демократияландыру, қалыптасу және даму процесінде жастарды тарту және жандандыру. Абсаттаров Р.Б. (2012).

Жастар қанатының жұмысының басымдығы – этностардың көп қырлы мәдениеті туралы бай білімі мен төзімділік санасы қалыптасқан егеменді Қазақстанның лайықты азаматын тәрбиелеу.

«Жастар саясаты мектебі» жобасы Қостанай облысының жастар ресурстық орталығы Қостанай облысында 20 жастар ресурстық орталығы қызмет етеді – 1 облыстық, 16 аудандық және 3 қалалық. Облыстық жастар ресурстық орталығы жүйелі түрде қалалар мен аудандардың ЖРО жұмыс жасап келеді. Қызметкерлердің құзыреттілігін арттырудың негізгі түрі оларды әр түрлі деңгейдегі семинарлар мен курстарға қатыстыру болып табылады. 2016 жыл ішінде Мемлекеттік жастар саясаты I мектебінің оқыту семинарлары өткізіліп, ауқымды шарасы жүзеге асырылды. Бұл мектептің қызметінің басты мақсаты ЖРО қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыру, жастармен жұмыс жасау бойынша үздік қазақстандық тәжірибелермен алмасу және республикалық жастар саясатын іске асыру тәжірибесін меңгеру болып саналады. Сарапшы ретінде «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының басқарма басшысы Наурызбаев Нұрлыбай және Ақмола облысы жастар ресурстық орталығының директоры Ысқақов Тимур қатысты. 2017 жылы да осы жұмыс жалғасып келеді, «18» және «19» сәуірде біліктілігі жоғары мамандардың қатысуымен мемлекеттік жастар саясатының II мектебі өткізілді. Мектеп қатысушылары облыс көлеміндегі жастар ресурстық орталықтарының басшылары мен мамандары болды. Қостанай облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен жобаның негізгі ұйымдастырушылары – Қостанай облысының жастар ресурстық орталығы және Бірлескен ұйымдар қауымдастығы. Семинар төңірегінде келесі тақырыптар бойынша семинарлар өтті: «Жастар ресурстық орталықтары қызметтерінің болашағы», «Бейресми білім беру әдістемелері мен қағидаттары», «Жобалар мониторингі, стратегиялық жоспарлау және басқару», «Жастармен жұмыс жасау әдістері», «Еріктілер қозғалысын дамыту», «Ғаламтор желісі мен әлеуметтік желілердегі жұмыс» және басқалар. Сонымен қоса, жыл бойы ЖРО мамандары мен Қостанай облысы қалалары мен аудандарының ішкі саясат бөлімі қызметкерлеріне арналған екі күндік оқыту лагерін ұйымдастыру жоспарланып отыр. Лагерге дейін семинар-тренингтер өткізіледі. Абдрасилова Г.З., Оразимбетова К.Ш. (2006).

4. Қорытынды

Еліміз тәуелсіздік алған уақытта мемлекеттің тұтастығын, дербестігін және тұрақтылығын нығайту мақсатында қолға алған мәселелердің бірі қоғамдағы этносаралық және конфессия аралық қатынастарды реттеу болатын. Осы бағытта мемлекет тарапынан жүйелі саясат ұсынылып, бір қатар идеологиялық жұмыстар атқарылуда. Қоғамдағы этносаралық және конфессияаралық қатынастарды нығайту бағытындағы мемлекет саясатының ерекшелігі бұнда елде тұрып жатқан (туып өскен) этнос өкілдерінің ұлттық құндылықтары, азаматтық құқы, бостандығы мен жауапкершілігі ескерілген. 1995 жылы Ата Заңымыздың жүйелі түрде кеңейтіліп қабылдануы, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы еліміздің этносаралық қатынастар саласындағы саясатының демократиялық сипат алуына, қазақстанның әлеуметтік

тұтастығы мен мәдени дамуының одан әрі нығая түсуіне ықпал етті. Мемлекетіміздің халықтың бейбіт өмірі үшін атқарып келе жатқан идеологиялық жұмыстарының нәтижелерінің бірі Қазақстанда туып өскен, тұрып жатқан этнос өкілдерінің дәстүрі мен мәдениетін, тілі мен дінін білуіне жағдай жасап отыруында. Бұл еліміз үшін және халқымыз үшін қоғамдық тұрақтылық пен бірегейлікті арттырып отырған азаматтық ұстаным болып есептелмек. Әр халықтың, яғни әр бір ұлттың баласы өзінің тілі мен дәстүрін, тарихы мен мәдениетін, діні мен ділін білуге, менгеруге құқы бар. Сондықтан да әр бір этностың төл дүниелерін зерделеп, иеленуіне жағдай жасау мемлекетіміздің саясатының тереңдігін көрсетеді. Көне дәуір ойшылдарының өздері айтып кеткендей, уақыт бір орында тұрмайды. Қазіргі адамзат қоғамының әлемдік бейнесі қарқынды әрі күрделі даму құбылыстарымен көрінуде. Жаһандық құбылыстарға толы дәуірде мемлекетті сақтаудың, мемлекеттің дамуын нығайтудың тура жолы қоғамдағы тұрақтылықты, мемлекеттік тұтастық пен дербестікті қорғау болып отыр. Бұл әрине қоғамдық келісім, бейбітшілік, мемлекет азаматтарының мемлекетшілдік деңгейі арқылы жүзеге асып отырады. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап көрсеткендей, «Өз еліңе пайдалы болу, өз Отаныңның тағдыры үшін жауапты болу – әрбір отандық саясаткердің, әрбір қазақстандықтың борышы мен ар-ожданы». Жоғарыда атап өткеніміздей, еліміздің тарихтағы және тәуелсіздік жылдарындағы атқарып отырған жұмыстары, жетістіктері іаз емес. Әлем жұртшылығының және ұрпақ алдындағы тәуелсіз еліміздің бет бейнесі 16 барлық этнос өкілдерін біріктіріп, оның ішінде қазақ халқы, оның тарихы, тарихи санасы қоғамдық тұрақтылықтың нығаяуына кепіл бола алуында. Қоғамдық тұрақтылық, қоғамдағы ұлтаралық және дінаралық келісім белгілі бір уақыт немесе кезең үшін емес, алдымен болашақ үшін қажет әрі аса маңызды. Мемлекеттік этносаясатты жүзеге асыруға, ұлттық бірлікті қалыптастыруға және нығайтып отыруға, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге, этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік және азаматтық институттардың өзара іс-қимылын жандандыруға, ең алдымен, өңірлердегі мемлекеттік мекемелер мен этномәдени орталықтар, конфессиялар атсалысуы қажет. Қоғамның тұрақтылығы қоғамда орын алатын түрлі әлеуметтік мәселелерді, ахуалдарды уақытылы зерттеп, алдын алумен жүзеге асады. Мемлекет саясатын халыққа түсіндіру, халық пен мемлекетті біріктіретін немесе халықты мемлекет мүддесіне (даму стратегиясына) бағыттайтын жұмыстар өңірлерде жүйелі түрде атқарылуы керек деп есептейміз. Әлеуметтік мәдени, саяси және идеологиялық, экономикалық мәселелер жергілікті мемлекеттік мекемелер, этномәдени бірлестіктер мен діни ұйымдар тарапынан үнемі зерттеліп, уақытылы оң шешімін тауып отыратын болса елдің бірлігі мен бірегейлігін негіздейтін ұлттық бағдарламамыздың өз кезегінде жүзеге асатындығы анық. Сондықтан да өңірлердегі этностық және конфессияаралық қатынастарды зерттеуге қатысты мәселелерді ескеретін (зерделейтін) болсақ ол мынадай бағыттарда көрінуі тиіс: Әрбір өңірдегі этномәдени бірлестіктердің, конфессиялардың қоғамдық келісім мен тұрақтылықты, діни ахуалды реттеудегі белсенділігін зерттеудің маңызы зор. Себебі әрбір этнос өкілінің діни сенімі, қоғаммен байланысы, мемлекет азаматы ретінде қалыптасуы, ел болашағына деген сенімі – өңірлердегі этномәдени бірлестіктердің және конфессиялардың алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі. Өңірдегі тұрып жатқан халық санын, этностардың санын, этнос өкілдерінің саны уақытылы есептеліп, зерттеліп отыруы қажет. Шетелдерге, көршілес мемлекеттерге білім алу үшін және өзге де себептермен қоныс аударып жатқан этнос өкілдерінің санын жергілікті мемлекеттік органдардың, этномәдени бірлестіктердің зерттеуін қамтамасыз ету, жастардың өңірде тұрақтауы үшін атқарып жатқан жұмыстарын нәтижелерін де зерттеу маңызды. Өңірдегі тұрақтылық, өмірсүруге қолайлы ортаның болуы, тәртіп, медициналық қызметтің сапалы болуы этностардың тұрақтануына ықпал ететін бірден бір жағдай. Қаланың жедел өсуі, тұрғындарды тез арада қала маңына жиі шоғырлануын, жер мәселесін, жұмыссыздық мәселесін күні бұрын зерттеу, қала мен аудандардағы халық санының өсімін қатар зерттеу, аудандардағы халықтың өсуіне (тұрақтануына) саясат жүргізу, орта және шағын кәсіпкерліктің дамуына ықпал ету, тұрғындардың өсіміне қатысты жергілікті жерлердегі жүргізіліп отырған саясаттың нәтижелерін де зерделеу қажет. Өңірдегі діни

ахуалды зерттеу, діни ахуалды реттеу, алдын алу мақсатында этномәдени бірлестіктер мен конфессиялардың атқарып жатқан қызметін, нәтижелерін талдау қажет. Себебі мемлекет саясатын жүзеге асыруда әрбір азаматтың, әрбір этномәдени бірлестіктердің және конфессиялардың идеологиялық үгіт насихат жұмыстарын атқарудағы белсенділігі қоғам болашағы үшін маңызды. Мемлекетіміздің ұлтаралық саясатының мақсатын ұлтына, тілі мен дініне бөлінбей қоғамның тұрақтылығы мен бейбітшіліктің сақталуына аянбай қызмет ету керек. Бұл бағытта этносаралық және дінаралық келісімді сақтау конфессиялардың алдында тұрған міндет. Мемлекеттік мекемелердің атқарып жатқан, жүргізіп жатқан жұмыстарын сараптау да Қазақстан халқы Ассамблеясының алдында тұрған мәселелердің бірі. Өңірдегі қоғамдық келісім және тағы да басқа мемлекеттік мекемелердің облыстағы әлеуметтік ахуалдарды реттеу мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстары елдің тұрақтылығын қамтамасыз ететін бірден бір нәрсе. Осы себептен облыстық және қалалық Ішкі саясат басқармаларының басқа да мемлекеттік мекемелермен бірлесе отырып мониторинг жүргізуі, этномәдени бірлестіктер мен конфессиялардың төңірегінде орын алып отырған мәселелерді зерделеп, оның оңтайлы шешімін анықтай алуы ұлтаралық және дінаралық келісім саясатын жүзеге асыру бағытында оң нәтиже беретіндігі анық. Әбдірайымова Г.С.(2008).

Әрбір этномәдени бірлестіктер, конфессиялар өзінің төл құндылықтарын игеру бағытында ғана емес, әрбір этнос өкілін мемлекеттің мүддесіне қызмет етуге міндетті, өскелең ұрпақты қазақстанның болашағы мен біріктіретін жұмыстар атқаруы қажет. Сондықтанда әлеуметтік зерттеу жұмыстары этномәдени бірлестіктерге, конфессияларға қатысты мәселерді мемлекетпен, мемлекеттік мекемелермен, ғалымдармен бірігіп шешуге көмектесетіндігі даусыз. Адамзат қоғамының даму механизмдері күрделеніп, алпауыт мемлекеттер арасында экономикалық саяси бәсекелестіктер арта түскенімен түбінде әр бір мемлекет, әрбір қоғам өзінің түптамыры мен мәдени болмысын сақтап қалуға міндетті. Бұған дейінгі халқымыздың, мемлекетіміздің қоғамның мәдени іргетасын нығайтуда атқарған жұмыстары өзінің өміршеңдігін дәлелдей түсті. Ендігі міндет әлемдік саяси ахуал күрделенген уақытта елдің тұтастығы мен тұрақтылығын сақтап отыру мақсатында, еліміздің әрбір өңірлеріндегі көзге бірден түсе қоймайтын, бірақ түптеп келгенде қоғамға кері әсерін тигізетін нәрселердің орын алуын уақытылы зерделеп отыру.

Әдебиеттер тізімі

Абсаттаров, Р.Б. Национальные процессы: особенности и проблемы [Мәтін] / Р.Б. Абсаттаров. – Алматы: Ғылым, 1995.– 248 с.

Абсаттаров, Р.Б., Мен Д.В., Мукажанова А.Ж. Культура межэтнического общения: казахстанский опыт [Мәтін] / Р.Б. Абсаттаров, Д.В. Мен, А.Ж. Мукажанова. – Алматы: ИП Уатханов А.Ф, 2012. – 240 б.

Ұлттық мәдениет құндылықтар мен мәселелері [Мәтін] / Абдрасилова Г.З., Оразимбетова К.Ш. // Қазіргі заман адамының рухани ізденісі. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы. – 2006. –174 б.

Әбдірайымова Г.С. Жастар социологиясы: оқу құралы [Мәтін] / Г.С. Әбдірайымова. – Алматы, 2008. – 256 б.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 27.01.2012ж.

Мәлімет редакцияға түсті: 03.04.2018

ТЛЕУМУРЗИН, А.А., НУРМАГАМБЕТОВА, Л.И ФОРМИРОВАНИЕ И ИНСТИТУЦИОНАЛИЗАЦИЯ МОЛОДЕЖНЫХ КРЫЛЬЕВ ЭТНОКУЛЬТУРНЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ В КАЗАХСТАНЕ

В данной статье рассматриваются этнокультурные объединения по формированию институциональной молодежи. Законодательные системных позиций формирования государственной молодежной политики на национальном уровне, в связи с этим совершенствование институтов молодежной политики и молодежи в общественно-политических процессах полноценного участия. Капитал молодежи в структуре населения, составляет социально-демографической группы. Причи-

на возникновение государственной молодежной характеризуется развитием процессов политики и состояние нормативно-правовых, социально-экономических и организационных мероприятий.

Общественная стабильность, межнациональное и межконфессиональное согласие в обществе в определенный период или для единого времени особо важно, причем в первую очередь необходимо для будущего.

Молодежное крыло приняло участие в организации на реализацию государственной этнополитики, укрепления национального единства и формирования, обеспечение общественного согласия и стабильности, государственных и гражданских институтов общества в сфере межэтнических отношений, взаимодействия, активизацию, прежде всего, государственных учреждений, регионов и национальных культурных центров, конфессий.

Ключевые слова: этнокультурные объединения, культура, этнополитика, общество, нации, молодежное крыло.

TLEUMURZIN, A.A., NURMAGAMBETOVA, L. I

FORMATION AND INSTITUTIONALIZATION OF YOUTH WINGS OF ETHNO-CULTURAL ASSOCIATIONS IN KAZAKHSTAN

In this article ethno-cultural associations by formation the institutional youth are considered. Legislative systemic positions of the formation of the state youth policy at the national level, in connection with this, the improvement of the institutions of youth policy and youth in the socio-political processes of full participation. The capital of the youth in the structure of the population constitutes a socio-demographic group. The reason for the emergence of the state youth is characterized by the development of policy processes and the state of regulatory, legal, socio-economic and organizational arrangements.

Public stability, interethnic and interfaith harmony in society in a certain period or for a single time is especially important, and first of all it is necessary for the future.

The youth wing took part in the organization for the implementation of state ethnopolitics, strengthening of national unity and formation, ensuring public harmony and stability, state and civil society institutions in the sphere of interethnic relations, interaction, activation of state institutions, regions and national cultural centers, confessions.

Keywords: ethno-cultural associations, culture, ethnopolitics, society, nations, youth wing.

УДК 338.48

Карамурзина, Ж.М.,

студентка 4 курса «Туризм», КГПУ

Панияз, А.П.,

старший преподаватель кафедры теории и практики физической культуры, спорта и туризма, магистр географических наук, КГПУ, г. Костанай., Казахстан

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ТУРИСТСКОГО КЛАСТЕРА В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация

В статье рассматривается стратегия развития туризма в области, которая базируется на понимании социально-экономической необходимости приоритетного развития туристского кластера как важного экономического инструмента, обеспечивающего приток финансовых поступлений в областной бюджет, способствующего росту занятости населения, позитивно влияющего на развитие многих отраслей экономики, прямо или косвенно связанных с туристским бизнесом. Особенностью кластерного подхода в туристской деятельности является то, что достигнутая одной или несколькими фирмами высокая конкурентоспособность имеет свойство распространяться на ее маркетинговую микросреду: поставщиков, конкурентов, посредников и потребителей. В настоящее время система кластера туризма по-прежнему разви-